

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі қоқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі қоқу бағдарламасы негізінде  
2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Алтын бесік» бөбекжайы

**Топ/сынып:** «Сәби» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жастан бастап

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы  
наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Денешынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар</b> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би және т.б.) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p>

Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p><b>Фонетикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру</b>  Балалардың сөздік қорын:  ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p><b>Шығармашылық сөйлеу іс-әрекеті</b>  Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b>  Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету.</p>
Көркемәдебиет	<b>Оқу, әңгімелеу</b>

		<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.</p> <p><b>Мәнерлеп оқу</b> Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p> <p><b>Мазмұндау</b> Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p><b>Театр дағдыларын дамыту</b> Түрлі мәтіндерді оқығанда дұрыс тыныс алу</p> <p><b>Моральдық нормалар түсінігі</b> Ересектермен және құрдастармен қарым - қатынас</p>
	Сенсорика	<p><b>Көп</b> Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> <p><b>Саны , есебі</b> Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p><b>Шамасы</b> Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Дене бөліктерінің орналасуын шарлау мүмкіндігін үйрету</p> <p><b>Уақыт бойынша бағдарлау</b> Тәулік бөліктерін атау, тану дағдыларын қалыптастыру: таң, күн, кеш, түн .</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<b>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</b>

	<p>Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар және т.б.) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау және т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b> Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б.</p> <p><b>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</b> Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Бала , оның отбасы ,үйі</b> Бала, оның отбасы, үйі «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p><b>Заттар әлемі</b> Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу.</p> <p><b>Жол ережелері</b> Әртүрлі көлік түрлері, көлік бөліктері (жаяу жүргіншілер, жер асты өткелдері) бағдарламалар, көшеде өзін-өзі ұстау ережелері, өткелдер туралы білімдерін қалыптастыру</p>
Құрастыру	<p><b>Табиғи ,қалдық материалдан жасалған құрылыс</b> Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды</p>

	(күм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу</b>  Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p>
Мүсіндеу	<p><b>Заттық мүсіндеу</b>  Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.  Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік мүсіндеу</b>  Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу</b>  Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
Жапсыру	<p><b>Заттық жапсыру</b>  Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау</b>  Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Шырқау</b>  Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы</p>

		<p>дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ритмикалық қимылдыр</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Билер</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу;</p> <p><b>Ойындар, әндер</b> Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау</p> <p><b>Балаларға арналған музыкалық аспаптармен ойнау</b> Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>
--	--	---